

МАТЕМАТИКАЛЫҚ

**БИРЖА**

# МАҚСАТЫ:

*Оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру, қызықтыру арқылы білімін тереңдету, математикалық ой-өрісін кеңейту, іздену қабілеттерін дамыту, өмірде кездесетін қиыншылықтарды оқушының өзі шеше білуіне ықпал жасау, өз күшіне сенімін арттыру.*

# ОЙЫН 4 ТУРДАН ТҰРАДЫ

- I- тур. Білім аукционы
- II- тур. Эрудиттер сайысы
- III- тур. Таңдау- табыс
- IV- тур. Сыйлықтар аукционы

# БІЛІМ АУКЦИОНЫ

Қазақ халқының  
ауызша есептері

Теңдеу

Әзіл есептер

Есептеусіз математика

Шырпыдағы математика

Қосынды тізбек



Бір бай үш жыл малай жалдап, оның ақысына бір бұзау және 12 лақ беруге уәделеседі. Байғұс малай байдың жөн-жосықсыз аямай жұмсағанына шыдамай 2 жылдан кейін кетіп қалады. Бай малайына бір бұзау және 6 лақ береді. Бұзауды қанша лаққа бағалаған?

6 лақ



$$4x + 5(3 - 2x) = 5 - 11x$$

Жауабы: -2



Алдаркөсе ауылға келе жатты. Жолда ол байды және оның үш нөкерін кездестірді. Осы ауылға қанша адам бара жатты?

Алдардың өзі






Азамат, Ержан, Тоқтар бақылау жұмысынан қандай баға алғандарын мұғалімнен сұрағанда, ол: “Ешкім “2” алған жоқ, бірақ бағаларың әртүрлі. Тоқтар “3” алған жоқ, Ержанның бағасы “3” те, “5” те емес,- деді.

Балалар қандай баға алды?


Азамат - 3, Ержан - 4, Тоқтар  
- 5



**Таяқшалардан 6 үшбұрыш құрастырылған. 4 таяқшаны алып тастап, осындай 3 үшбұрыш қалдыр.**



Сұрақ белгісінің орнындағы санды тап?



# ЭРУДИТТЕР САЙЫСЫ

# ТАҢДАУ- ТАБЫС

20

20

20

30

30

30

40

40

40



Ерланның торында бес торғай бар еді. Бес торғайын бес досына таратып бергеннен кейін торда тағы бір торғай қалды. Бұл қалай болғаны?

Торымен қоса берген



Егер екі кірпіштің салмағы 8 кг болса, бір жарым кірпіштің салмағы неше кг?

6 кг





# Натурал санның мағынасы

## Табиғи сан



**Бес таңбалы сан берілген одан кейінгі сан алты таңбалы болады. Бұл қай сан?**

**99999**



**Екі санның қосындысы 8-ге  
тең, айырмасы 2-ге, ал  
көбейтіндісі 15-ке тең. Бұл қай  
сандар?**

**5 және 3**



**Сызғыштың 4 бұрышы бар.  
Бір бұрышын кесіп тастаса,  
неше бұрышы қалады?**

**5 бұрыш**



**Алғашқы үш сабақ: қазақ тілі,  
математика және тарих болды.  
Математика бірінші емес, тарих  
бірінші де, үшінші де емес.  
Қай пән нешінші болды?**

- 1. Қазақ тілі**
- 2. Тарих**
- 3. Математика**



**2 литрлік бөтелкені қолданып,  
9 литрлік шелекті сумен толтыру  
үшін су көзіне қанша рет бару  
керек?**

**5 рет**



**Бірінші баланың әкесі ұына  
150 теңге, ал екінші әке баласына  
50 теңге береді. Екі бала  
қолдарындағы ақшаны қосса  
150 теңге ғана болады. Неліктен?**

**Атасы, әкесі, немересі**



# СЫЙЛЫҚТАР АУКЦИОНЫ



1-сыйлық

2-сыйлық

3-сыйлық

4-сыйлық

5-сыйлық

6-сыйлық



Күн-күн сайын жыртылдық,  
Өміріміз бір жылдық.

Күнтізбе



Дүниеге тұмсықсыз-ақ келеді,  
Дегенменен тұмсығынан өледі.

Қарындаш



Жоқ өзінде бас та,  
Қас та, мойын да,  
Ұзындығы жазулы тұр бойында.

СЫЗҒЫШ



Он екі ақ парақ-  
Он екі ақ қанат,  
Жауабы әсем-ақ,  
Сызылған тақталап.

Дәптер



Ол оқушы құралы,  
Қатеңді түзетіп тұрады.

Өшіргіш



ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
“ҚАЗАҚСТАН-2030 ЖЫЛЫ БАРСҚА  
АПАРАТЫН-БҮГІНГІ МЕКТЕП ПАРТАСЫНДА  
ОТЫРҒАН ОҚУШЫЛАР” ДЕГЕН СӨЗІН  
ӘРҚАШАН ЖАДЫМЫЗДА ҰСТАП,  
ЕЛБАСЫНЫҢ СЕНІМІН АҚТАУДА ДӘЛ  
БҮГІНГІДЕЙ ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСТАРДА ӨЗ  
БІЛІМІМІЗБЕН БИІКТЕРДЕН КӨРІНЕ  
БЕРЕЙІК.

“ЕШҚАШАН ДА БӘРІН БІЛЕМІН, ЕНДІ  
МАҒАН БҰДАН АРТЫҚ ҮЙРЕНЕТІН  
ЕШТЕҢЕ ЖОҚ ДЕП САНАУШЫ БОЛМА”-  
ДЕГЕН Н.Д.ЗЕЛИНСКИЙДІҢ СӨЗІМЕН  
“МАТЕМАТИКАЛЫҚ БИРЖА” ОЙЫНЫН  
АЯҚТАЙМЫЗ.

БІЛІМ АЛУДАН КЕШ ҚАЛМАҢЫЗДАР!